

**Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 сәуірдегі № 198 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 72-бабы 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*М. Такиев*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2025 жылғы 28 сәуірдегі  
№ 198 бұйрығымен  
бекітілген

**Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 72-бабы 6-тармағына сәйкес әзірленген және облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы Қағидаларда белгіленген көлемде және нысандар бойынша облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды.

3. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік бюджеттік және қаржылық есептілік негізінде қалыптастырылатын есептеу әдісі бойынша қаржылық жағдай, таза активтердің, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың қозғалысы мен нәтижелері туралы макроэкономикалық көрсеткіштермен байланыстырылған ақпаратты білдіреді.

## **2-тарау. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептіліктің көлемі мен нысандарын қалыптастыру тәртібі**

4. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімі жобасының құрамына кіреді және:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес БШҚЕ-1ЖБ нысаны бойынша қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есепті (бұдан әрі – БШҚЕ-1ЖБ);

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес БШҚЕ-2ЖБ нысаны бойынша қаржылық қызмет нәтижелері туралы болжамды шоғырландырылған есепті (бұдан әрі – БШҚЕ-2ЖБ);

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес БШҚЕ-3ЖБ нысаны бойынша ақша қозғалысы туралы болжамды шоғырландырылған есепті (бұдан әрі – БШҚЕ-3ЖБ);

4) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес БШҚЕ-4ЖБ нысаны бойынша таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы болжамды шоғырландырылған есепті (бұдан әрі – БШҚЕ-4ЖБ);

5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаны қамтиды.

5. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті:

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілігінің;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ДТ-ЖБ нысаны бойынша Бюджет құрылымы бойынша деректер тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе);

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес МС-ЖБ нысаны (бұдан әрі – МС-ЖБ нысаны) бойынша жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы бойынша ақпараттың;

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес МЖӘ-ЖБ нысаны (бұдан әрі – МЖӘ-ЖБ нысаны) бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия шарттары бойынша мемлекеттік міндеттемелер жөніндегі ақпараттың;

осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес БК-ЖБ нысаны (бұдан әрі – БК-ЖБ нысаны) бойынша бюджеттік кредиттер жөніндегі ақпараттың негізінде жасайды.

6. Осы Қағидалардың 4-тармағында айқындалған нысандарға сәйкес облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру Тізбені жасау және өзара салыстыру жолымен қамтамасыз етіледі.

7. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік іс жүзінде (факт), бағалау (бағалау), болжамды (болжам) ретінде ұсынылған нақты, өлшенетін және нақты, жоспарланған кезеңмен шектелген көрсеткіштерді қамтиды.

Факті есептеу әдісі бойынша облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған нәтижелер мен тиісті қаржы жылындағы облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы туралы есептің қорытындысын көрсетеді.

Бағалау ағымдағы қаржы жылындағы облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің көрсеткіштерін көрсетеді.

Болжам жоспарланған кезеңге арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет жобасына сәйкес жоспарлы көрсеткіштерді көрсетеді.

8. Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба есеп саясатының негізгі ережелерін және көрсеткіштердің өзгерістерін ескере отырып, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірмелерді қамтиды.

Активтер мен міндеттемелер бойынша түсіндірмелер қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есепке ескертпелерде ұсынылады.

Кірістер, шығыстар және қаржылық нәтижелер бойынша түсіндірмелер қаржылық қызмет нәтижелері туралы болжамды шоғырландырылған есепке ескертпелерде ұсынылады.

Операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі түсіндірмелер ақша қозғалысы туралы болжамды шоғырландырылған есепке ескертпелерде ұсынылады.

Таза активтердің/капиталдың баптары бойынша түсіндірмелер таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы болжамды шоғырландырылған есепке ескертпелерде ұсынылады.

Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбадағы ескертпелердің осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген нысандардың тиісті жолдарының кодтарын көрсететін толассыз нөмірленуі болады.

### **3-тарау. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау тәртібі**

9. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган Тізбенің 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5, 1.6, 1.7, 1.8, 1.9, 1.10, 1.11, 1.12, 1.13, 1.14, 1.15, 1.16, 1.17, 1.18, 1.19, 1.20, 1.21, 1.22, 1.23, 1.24, 1.25, 1.26, 1.27, 1.28, 1.29, 1.30 және 1.31-кестелерін қамтитын Тізбе негізінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастырады.

10. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіне мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға көрсеткіштердің толтырылуына жауапты жергілікті атқарушы органның бірінші басшысының қолымен Тізбенің 1.2, 1.3, 1.5, 1.6, 1.7, 1.8, 1.9, 1.10, 1.15, 1.16, 1.19, 1.21, 1.29 және 1.31-кестелерін "факті" және "бағалау" бағандарын толтыра отырып, Тізбенің 1.4, 1.11, 1.12, 1.17, 1.22, 1.23, 1.24, 1.25, 1.26 және 1.27-кестелерін "бағалау" бағандарын толтыра отырып, МЖӘ-ЖБ нысаны бойынша ақпаратты ұсынады.

МЖӘ-ЖБ нысаны бойынша деректерді қалыптастыруды жергілікті атқарушы орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен түскен ақпарат негізінде жүзеге асырады. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік міндеттемелерді төлеуді көздейтін жергілікті атқарушы органға тіркелген мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия шарттары бойынша ағымдағы қаржы жылының 1 мамырына МЖӘ-ЖБ нысаны бойынша ақпаратты жергілікті атқарушы органға ұсынады.

Жергілікті атқарушы орган ағымдағы қаржы жылының 1 мамырына мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға МС-ЖБ және БК-ЖБ нысандарын ұсынады.

11. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган "факті" және "бағалау" бағандары бойынша Тізбенің 1.18, 1.20, 1.28 және 1.30-кестелерін қалыптастыруды жергілікті атқарушы орган ұсынған Тізбенің 1.19, 1.21, 1.29 және 1.31-кестелерінің деректері бойынша жүзеге асырады.

12. Тізбені қалыптастыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) 1.1 және 1.2-кестелердің "факті" бағаны есепті қаржы жылындағы облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы туралы есептің деректері негізінде толтырылады. Тізбенің 1.1, 1.2, 1.19, 1.21, 1.29 және 1.31-кестелерін қоспағанда, кестелердің "факті" бағаны толтырылмайды.

Тізбе кестелерінің "бағалау" бағаны түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының және/немесе ағымдағы кезеңнің облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы туралы есептің деректері негізінде толтырылады.

1.1, 1.5 және 1.15-кестелердің "болжам" бағаны Бюджет кодексінің 24 және 25-баптарына сәйкес айқындалатын облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетіне түсетін түсімдерді болжау деректері негізінде толтырылады;

2) 1.3, 1.6, 1.7, 1.8, 1.9, 1.10 және 1.16-кестелер Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктерімен байланыстыра отырып, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің шығыстары бойынша толтырылады;

3) операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы бойынша 1.4, 1.11, 1.12, 1.13, 1.14 және 1.17-кестелер 1.1, 1.2, 1.3, 1.5, 1.6, 1.7, 1.8, 1.9, 1.10, 1.15 және 1.16-кестелерден деректерді көшіру жолымен толтырылады;

4) 1.18 және 1.19-кестелерде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы болжамды шоғырландырылған есептің көрсеткіштері қалыптастырылады;

5) 1.20 және 1.21-кестелерде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша қаржылық қызмет нәтижесі туралы болжамды шоғырландырылған есептің көрсеткіштері қалыптастырылады;

6) активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер бойынша 1.22, 1.23, 1.24, 1.25, 1.26 және 1.27-кестелер 1.3, 1.5, 1.6, 1.7, 1.8, 1.9, 1.10, 1.15 және 1.16-кестелер деректерінің негізінде толтырылады;

7) 1.28 және 1.29-кестелерде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің көрсеткіштері қалыптастырылады;

8) 1.30 және 1.31-кестелерде таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы болжамды шоғырландырылған есептің көрсеткіштері қалыптастырылады.

13. Осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген нысандарды толтыру үшін Тізбенің 1.18, 1.20, 1.28 және 1.30-кестелері пайдаланылады.

14. Жоспарланған кезеңге арналған бюджет параметрлерінің есебі Тізбенің 1.18, 1.20, 1.28 және 1.30-кестелерінде былайша жүргізіледі:

таза операциялық сальдоны және операциялық қызметтің нәтижесіне енгізілген өзге де экономикалық ағындарды қосумен айқындалатын операциялық қызметтің нәтижесі (33-ескертпеде, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша қаржылық қызметтің нәтижелері туралы болжамды шоғырландырылған есептің 500-жолының коды бойынша көрсетіледі);

операциялық қызмет нәтижесінен мұнай кірістері мен мұнай шығыстары арасындағы айырманы шегерумен айқындалатын операциялық қызметтің (мұнай емес) нәтижесі (34-ескертпеде, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың,

астананың бюджеті бойынша қаржылық қызметтің нәтижелері туралы болжамды шоғырландырылған есептің 600-жолының коды бойынша көрсетіледі);

қаржылық емес активтерді таза сатып алуды таза операциялық сальдодан шегерумен айқындалатын таза кредиттеу (қарыз алу) (35-ескертпеде, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша қаржылық қызметтің нәтижелері туралы болжамды шоғырландырылған есептің 900-жолының коды бойынша көрсетіледі);

саясат шараларын жүзеге асыру үшін таза кредит беруді (қарыз алуды) және қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша ақша қаражатының таза қозғалысын қосумен айқындалатын бюджеттің жалпы сальдосы (36-ескертпеде, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша қаржылық қызмет нәтижелері туралы болжамды шоғырландырылған есептің 920-жолының коды бойынша көрсетіледі);

бюджеттің жалпы сальдосынан мұнай кірістері мен мұнай шығыстары арасындағы айырманы және қаржылық емес активтермен (мұнай) жасалатын операциялардан айырманы шегерумен айқындалатын бюджеттің жалпы сальдосы (мұнай емес) (37-ескертпеде, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша қаржылық қызмет нәтижелері туралы болжамды шоғырландырылған есептің 930-жолының коды бойынша көрсетіледі);

операциялық қызметтен түсетін таза ақша қаражатының сомасынан қаржылық емес активтерге таза инвестицияларды шегерумен айқындалатын ақша профициті (тапшылығы) (41-ескертпеде, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша ақша қозғалысы туралы болжамды шоғырландырылған есептің 940-жол коды бойынша көрсетіледі);

саясат шараларын жүзеге асыру үшін ақша профицитін (тапшылығын) және қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша ақша қаражатының таза қозғалысын қосумен айқындалатын ақшаның жалпы профициті (тапшылығы) (42-ескертпеде, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша ақша қозғалысы туралы болжамды шоғырландырылған есептің 950-жолының коды бойынша көрсетіледі);

мұнай түсімдері мен операциялық қызметтен (мұнай) түсетін ақша қаражатының шығулары арасындағы айырманы және қаржылық емес активтермен (мұнай) жасалатын операциялардан түсетін ақша қаражатының түсімдері мен шығулары арасындағы айырманы жалпы профициттен (тапшылығынан) шегерумен айқындалатын ақшаның (мұнай емес) жалпы профициті (тапшылығы) (43-ескертпеде, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша ақша қозғалысы туралы болжамды шоғырландырылған есептің 960-жолының коды бойынша көрсетіледі);

қарыз алу сомасы бойынша айқындалатын борыш (18-ескертпеде, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің 500-жолының коды бойынша көрсетіледі);

мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша борыш пен міндеттемелер сомасынан ақша қаражатын және олардың баламаларын шегерумен айқындалатын таза борыш (19-ескертпеде, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің 600-жолының коды бойынша көрсетіледі).

15. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну мерзімдері облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті жобасын дайындау және ұсыну мерзіміне ұқсас.

Облыстық бюджет,  
республикалық маңызы  
бар қаланың, астананың  
бюджеті бойынша болжамды  
шоғырландырылған қаржылық  
есептілікті жасау қағидаларына  
1-қосымша  
БШҚЕ-1ЖБ нысан

**Қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есеп \_\_\_\_\_**  
**\_\_\_\_\_ (жергілікті бюджеттің атауы) \_\_\_\_\_ жылдар**

Өлшем бірлігі: мың теңге

Активтер	Ескертпе №	Жол коды	факті	бағалау	болжам		
			20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл
1	2	3	4	5	6	7	8
I. Қаржы активтері							
Ақша қаражаты және олардың баламалары	1	010					
Қаржы инвестициялары	2	011					
Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұзақ		012					

мерзімді қаржы инвестициялары	3						
Берілген аванстар	4	013					
Өзге дебиторлық берешек	5	014					
Қаржы активтердің жиыны		100					
II. Қаржы емес активтер							
Қорлар	6	111					
Негізгі құралдар	7,10	112					
Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар	8,10	113					
Материалдық емес активтер	9,10	114					
Өзге қаржы емес активтер	11	115					
Қаржы емес активтердің жиыны		200					
Теңгерім							
Міндеттемелер, таза активтер/ капитал		Жол коды					
III. Міндеттемелер							
Мемлекеттік-жекешелік әріптестік бойынша міндеттемелер және қарыздар	12	210					
Өнім берушілерге және							

мердігерлер г е кредиторлы к берешек	13	211					
Еңбекақы төлеу бойынша кредиторлы к берешек	14	212					
Әлеуметтік төлемдер, трансфертте р , субсидияла р бойынша кредиторлы к берешек	15	213					
Бағалау ж ә н е кепілдік міндеттемел ері	16	214					
Ө з г е міндеттемел ер	17	215					
Міндеттеме лер жиыны		300					
IV. Таза активтер/ капитал							
Т а з а активтер/ капитал		400					
Теңгерім							
Көрсеткішт ер							
Борыш	18	500					
Таза борыш	19	600					

Облыстық бюджет,  
республикалық маңызы  
бар қаланың, астананың  
бюджеті бойынша болжамды  
шоғырландырылған қаржылық  
есептілікті жасау қағидаларына  
2-қосымша  
БШҚЕ-2ЖБ нысан

**Қаржылық қызмет нәтижелері туралы болжамды шоғырландырылған есеп**

(жергілікті бюджеттің атауы)

жылдар

Өлшем бірлігі: мың теңге

Көрсеткіштер	Ескертпе №	Жол коды	Факті	Бағалау	Болжам		
			20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл
1	2	3	4	5	6	7	8
Кірістер (мұнай), оның ішінде:		010	x	x	x	x	x
Салықтық түсімдерден түсетін кірістер		011	x	x	x	x	x
Ұлттық қордан берілетін трансферттер		012	x	x	x	x	x
Өзгелері		013	x	x	x	x	x
Кірістер (мұнай емес), оның ішінде:		020					
Салықтық түсімдерден түсетін кірістер	20	021					
Сыйақылар	21	022					
Заңды тұлғаларда қатысу үлесіне дивидендтер мен кірістер, мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсуі	22	023					
Тауарларды (жұмыстарды), көрсетілетін қызметтерді		024					

) өткізуден түсетін кірістер	23						
Жоғарыда тұрған мемлекеттік басқару органдарына трансферттер		025					
Өзге де кірістер	24	026					
Кірістер, барлығы (010 және 020 - жолдарының сомасы)		100					
Шығыстар (мұнай)		120	x	x	x	x	x
Шығыстар (мұнай емес), оның ішінде:		130					
Еңбекақы төлеу	25	131					
Тауарлар және көрсетілетін қызметтер	26	132					
Басқа да ағымдағы шығындар	27	133					
Активтердің амортизациясы	28	134					
Бюджеттік субсидиялар	39	135					
Бюджеттің басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер	30	136					
Өзге трансферттер	31	137					
Сыйақылар	32	138					

Шығыстар, барлығы (120 және 130-жолдардың сомасы)	200						
Таза операциялық сальдо (100-жол - 200-жол)	300						
Операциялық қызметтің нәтижесіне енгізілген өзге экономикалық ағындар, оның ішінде:	400						
Активтерді таза есептен шығару	401						
Алғаш рет танылған активтер	402						
Ұзақ мерзімді активтердің шығуынан нәтиже	403						
Бағамдық айырма	404						
Өзгелері	405						
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын инвестициялар бойынша таза пайданың немесе залалдардың үлесі	406						
Операциялық қызмет нәтижесі	500						

(300-жол + 33 400-жол)							
Операциял ық қызмет нәтижесі ( мұнай емес) 34 (500-жол – ( 010-жол – 120-жол)		600					
Т а з а операциялы қ сальдо ( 100-жол- 200-жол) немесе (300 -жол)		700					
Қаржылық е м е с активтерді сатып алу		710					
Қаржылық е м е с активтердің шығуы		711					
Активтердің амортизаци ясы		712					
Қордағы өзгерістер		713					
Қаржылық е м е с активтердің өзге де козғалысы		714					
Қаржылық е м е с активтерді таза сатып алу (710- жол-711- жол-712- жол+713- жол+714- жол)		800					
Т а з а кредиттеу ( қарыз алу) ( 35 700-жол – 800-жол)		900					
Саясат шараларын							

жүзеге асыру үшін қаржы активтерімен операциялар бойынша ақша қаражатының таза қозғалысы		910					
Бюджеттің жалпы сальдосы (36-жол + 900-жол + 910-жол)	36	920					
Бюджеттің жалпы сальдосы (мұнай емес) (920-жол - (010-жол - (120-жол) - (410-жол) - ақша қозғалысы туралы болжамды шоғырландырылған есептің 510-жолы	37	930					

Облыстық бюджет,  
республикалық маңызы  
бар қаланың, астананың  
бюджеті бойынша болжамды  
шоғырландырылған қаржылық  
есептілікті жасау қағидаларына  
3-қосымша  
БШҚЕ-3ЖБ нысан

**Ақша қозғалысы туралы болжамды шоғырландырылған есеп \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (жергілікті бюджеттің атауы) \_\_\_\_\_ жылдар**

Өлшем бірлігі: мың теңге

Көрсеткіштер	Ескертпе №	Жол коды	Факті	Бағалау	Болжам		
			20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл
1	2	3	4	5	6	7	8
I . Операциялық қызметтен							

түскен акша қаражатының қозғалысы	38						
Ақша қаражатының түсуі - барлығы (110 және 120 - жолдарының сомасы)	100						
Мұнай түсімдері - барлығы (111, 112 және 113- жолдарының сомасы), оның ішінде :	110	x	x	x	x	x	
Салықтық түсімдер	111	x	x	x	x	x	
Ұлттық қордан берілетін трансферттер	112	x	x	x	x	x	
Өзгелер	113	x	x	x	x	x	
Мұнай емес түсімдер - барлығы (121, 122 және 127- жолдарының сомасы), оның ішінде :	120						
Салықтық түсімдер	121						
Салықтық емес түсімдер барлығы (123, 124, 125 және 126 - жолдардың сомасы), оның ішінде :	122						
Сыйақылар	123						

Занды тұлғаларға қатысу үлесіне дивидендтер, кірістер, мемлекеттік кәсіпорындардан түсетін таза кіріс бөлігінің түсімдері		124					
Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатудан түсетін түсімдер		125					
Өзге де түсімдер		126					
Жоғары тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер түсімі		127					
Ақша қаражатының шығуы – барлығы (210 және 220-жолдарының сомасы)		200					
Операциялық қызметтен ақша қаражатының шығуы, мұнай – барлығы, оның ішінде:		210					
Іздестіру-барлау							

жұмыстары на арналған шығындар	211	x	x	x	x	x
Операциялық қызметтен ақша қаражатының шығуы, мұнай емес – барлығы (221, 222, 223, 224, 225, 226, 227 және 228 - жолдарының сомасы), оның ішінде:	220					
Еңбекақы төлеу	221					
Материалдарды сатып алу	222					
Жұмыстармен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу	223					
Басқа ағымдағы шығындар	224					
Бюджеттік субсидиялар	225					
Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер	226					
Өзге де трансферттер	227					
Сыйақылар	228					
Операциялық қызметтен						

түскен акша қаражатының таза сомасы (100-жол – 200-жол)		300					
ІІ . Инвестициялық қызметтен түскен акша қаражатының қозғалысы	39						
Ақша қаражатының түсуі – барлығы (410, 411, 412, 413 және 414-жолдардың сомасы)		400					
Қаржылық емес активтердің шығуынан ақша қаражатының түсуі (мұнай)		410					
Қаржылық емес активтердің шығуынан ақша қаражатының түсуі (мұнай емес)		411					
Бақыланатын және басқа субъектілердің үлесін, бағалы қағаздарды өткізу		412					
Кредиттерді өтеу		413					
Өзгелер		414					
Ақша қаражатының шығуы –							

барлығы (510, 511, 512, 513 және 514-жолдардың сомасы)	500						
Қаржылық емес активтерді (мұнай) сатып алудан ақша қаражатының шығуы	510						
Қаржылық емес активтерді (мұнай емес) сатып алудан ақша қаражатының шығуы	511						
Бақыланатын және басқа субъектілердің үлесін, бағалы қағаздарды сатып алу, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру және толықтыру	512						
Берілген кредиттер	513						
Өзгелер	514						
Қаржылық емес активтерге таза инвестициялар	550						
Саясат шараларын							

жүзеге асыру үшін қаржы активтерімен операциялар бойынша ақша қаражатының таза қозғалысы		560					
Өтімділік мақсаттары үшін қаржы активтерімен операциялар бойынша ақша қаражатының таза қозғалысы		570					
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (400-жол – 500-жол)		600					
ІІІ. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы	40						
Ақша қаражатының түсуі – барлығы (610 және 620-жолдар сомасы)		700					
Қарыз алу		610					
Өзгелер		620					
Ақша қаражатының шығуы – барлығы (710 және 720-		800					

жолдардың сомасы)							
Қарыздарды өтеу	710						
Өзгелер	720						
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (700-жол – 800-жол)	900						
Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы (300-жол +/- 600-жол +/- 900-жол)	910						
Таза бағамдық айырмашылық	911						
Кезең басындағы ақша қаражаты	920						
Кезең соңындағы ақша қаражаты	930						
Көрсеткіштер:							
Ақша профициті (тапшылық) (Операциялық қызмет және қаржылық емес активтермен операциялар бойынша ақша қаражатының таза қозғалысы)	940						

(300-жол – 550-жол)	41						
Жалпы ақша профициті (тапшылық) (940-жол+ 560-жол)	42	950					
Жалпы ақша профициті (тапшылық) (мұнай емес) (950-жол – (110-жол – 210-жол) – (410-жол – 510-жол)	43	960					

Облыстық бюджет,  
 республикалық маңызы  
 бар қаланың, астананың бюджеті  
 бойынша болжамды  
 шоғырландырылған қаржылық  
 есептілікті жасау қағидаларына  
 4-қосымша  
 БШҚЕ-4ЖБ нысан

Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы болжамды шоғырландырылған есеп \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_ (жергілікті бюджеттің атауы) \_\_\_\_\_ жылдар

Өлшем бірлігі: мың теңге

Көрсеткіштер	Жол коды	Факті	Бағалау	Болжам		
		20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл
1	2	3	4	5	6	7
Кезеңнің басындағы таза активтердің/капиталдың барлық сальдосы (020 және 030 – жолдарының сомасы), оның ішінде:	010					
Резервтер	020					
Жинақталған қаржылық нәтиже	030					
Кезеңнің соңындағы						

таза активтердің/ капиталдың барлық сальдосы (050 және 060 – жолдарының сомасы), оның ішінде:	040					
Резервтер	050					
Жинақталған қаржылық нәтиже, оның ішінде:	060					
Есепті/ жоспарлы кезеңдегі қаржылық нәтиже	061					

Облыстық бюджет,  
 республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларына  
 5-қосымша  
 БШҚЕ-5ЖБ нысан

\_\_\_\_\_ жылдарға арналған болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба \_\_\_\_\_ (жергілікті бюджеттің атауы)

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.03.2026 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы мәліметтер

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 72-бабында және 91-бабы 2-тармағында көзделген. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті жобасының құрамында ұсынылады.

Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік \_\_\_\_\_ (жергілікті бюджеттің атауы) \_\_\_\_\_ жылдар \_\_\_\_\_ (жергілікті мемлекеттік органның атауы) кірістер болжамының деректері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (жергілікті бюджеттің атауы) және есептеу әдісі бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстары негізінде құрастырылды

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке квазимемлекеттік сектор субъектілері енгізілмейді.

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептіліктің өлшем бірлігі - мың теңге.

## **2-тарау. Есеп саясатының негізгі ережелері**

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларына және "Есепке алу саясатын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 191 бұйрығымен бекітілген есеп саясатының қағидастарына сәйкес қалыптастырылады.

### **Ақша қаражаты және олардың баламалары**

Бюджетке түсетін түсімдерді есепке алуға және бюджеттен төлемдерді жүзеге асыруға байланысты барлық операциялар Бірыңғай қазынашылық шотта көрсетіледі. Бірыңғай қазынашылық шот бойынша облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақша ағындары облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде көрсетілген. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікте облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты, ақылы қызметтердің қолма-қол ақшасын бақылау шоты және ақша қаражатының басқа да шоттары бойынша ағындар облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде көрсетіледі.

### **Қаржылық инвестициялар**

Қаржылық инвестицияларға квазимемлекеттік сектор субъектілеріне және өзге де ұйымдарға қаржылық инвестициялар, бюджеттік кредиттер енгізіледі. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға қаржылық инвестициялар – үлестік қатысу әдісі бойынша көрсетіледі. Бюджеттік кредиттеу бойынша берілген қарыздар өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне берілген қарыздар – тиімді пайыздық

мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Қаржылық инвестициялар облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттің атқарылуы және жоспарланатын кезеңнің өзгерістері туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

### Қорлар

Қорлар олардың нақты өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікте жоспарланған кезеңнің қорларын сатып алу құны шығыстарда көрсетіледі. Қорлардың қалдықтары облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

### Негізгі құралдар

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікте негізгі құралдар жинақталған амортизацияның бастапқы құнынан және тиісті жоспарланған кезеңнің есептелген амортизациясынан шегерумен айқындалатын теңгерімдік құны бойынша көрсетіледі.

Негізгі құралдардың амортизациясын есептеу кезінде "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығымен (бұдан әрі – № 223 бұйрық) айқындалған амортизацияның жылдық нормалары пайдаланылады.

Негізгі құралдар облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы және жоспарланатын кезеңнің өзгерістер туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

### Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс іс жүзіндегі шығындар бойынша өлшенеді. Аяқталмаған және аяқталған, бірақ пайдалануға берілмеген құрылыс және реконструкциялау объектілері бойынша шығындар келесі жылдың теңгеріміне өтеді. Аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері қабылдау актілері негізінде ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шоттарына оларға жүргізілген шығындардың толық сомасында жатқызылады. Аяқталмаған құрылыс облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы және жоспарланатын кезеңнің өзгерістері

туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

#### Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

#### Материалдық емес активтер

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікте материалдық емес активтер жинақталған амортизацияның бастапқы құнынан және тиісті жоспарланған кезең үшін есептелген амортизациядан шегерумен айқындалатын теңгерімдік құн бойынша көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің амортизациясын есептеу кезінде № 223 бұйрықпен айқындалған амортизацияның жылдық нормалары пайдаланылады.

Материалдық емес активтер облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша бюджеттің атқарылуы және жоспарланатын кезеңнің өзгерістері туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

#### Дебиторлық және кредиторлық берешек

Дебиторлық және кредиторлық берешек облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

#### Қарыздар

Қаржылық міндеттемелер қаржылық нәтижеге әділ құн бойынша ескерілген қаржылық міндеттемелерді қоспағанда, пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Капиталдың ішкі нарығында орналастырылған мемлекеттік бағалы қағаздардың әділ құны ретінде олардың номиналды құны қабылданады. Қарыздар облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы және жоспарланатын кезеңнің өзгерістері туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

#### Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер

Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер мен шартты активтер облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

#### Зейнетақы міндеттемелері

Зейнетақы міндеттемелері облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

Зейнетақы міндеттемелерінің өзгерістері бойынша болжамды көрсеткіштер жоспарланатын кезең шегінде көрсетілген.

#### Кірістер

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің кірістері бойынша болжамды деректер Кодекстің 52-бабына сәйкес айқындалатын облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетіне түсетін түсімдерді болжау деректерінің негізінде көрсетіледі.

Іс жүзіндегі деректер бойынша салықтық және салықтық емес түсімдерден түсетін кірістер облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы туралы есепте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

#### Концессиялық активтер мен міндеттемелер

Концессиялық активтер мен міндеттемелер облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы және жоспарланатын кезеңнің өзгерістері туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

### **3-тарау. \_\_\_\_\_ (жергілікті бюджеттің атауы) болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке ашу.**

#### 1-ескертпе.

1.1-кесте. Ақша қаражаты және олардың баламалары (қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің 010-жол коды)

Атауы	Жол коды	Факті	Бағалау	Болжам		
		20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл
1	2	3	4	5	6	7

Басындағы сальдо	010					
Ұлғайту	011					
Азайту	012					
Соңындағы сальдо	013					

Түсіндірме: Ақша қаражатының сальдосы ... қамтиды  
2-ескертпе.

2.1-кесте. Қаржылық инвестициялар (қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің 011-жол коды)

Атауы	Жол коды	Факті	Бағалау	Болжам		
		20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл
1	2	3	4	5	6	7
Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына қаржылық инвестициялар, заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың бағалы қағаздары						
Кезең басындағы сальдо	010					
Ұлғайту	011					
Азайту	012					
Кезең соңындағы сальдо	013					
Бюджеттік кредиттер						
Кезең басындағы сальдо	020					
Ұлғайту	021					
Азайту	022					
Кезең соңындағы сальдо	023					
Қаржылық инвестициялар, барлығы						
Кезең басындағы сальдо	100					
Кезең соңындағы сальдо	200					

Түсіндірме: Қаржылық инвестицияларға бюджеттік кредиттер, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне және өзге де ұйымдарға инвестициялар, мемлекеттік кепілдіктер мен кепілгерліктерді орындау нәтижесінде берілген қарыздар енгізіледі.

"Ұлғайту" жолы бойынша сомалар ... нәтижесінде ескерілді.

"Азайту" жолы бойынша сомалар:

... өтеу  
өтеусіз берілген ... есептен шығару  
басқа да өзгерістер ... нәтижесінде ескерілді.  
3-ескертпе.

3.1-кесте. Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар (қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің 012-жол коды)

Атауы	Жол коды	Факті	Бағалау	Болжам		
		20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл
1	2	3	4	5	6	7
Басындағы сальдо	010					
Ұлғайту	011					
Азайту	012					
Соңындағы сальдо	013					

Түсіндірме: Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

4-ескертпе.

4.1-кесте. Берілген аванстар (қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің 013-жол коды)

Атауы	Жол коды	Факті	Бағалау	Болжам		
		20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл
1	2	3	4	5	6	7
Басындағы сальдо	010					
Ұлғайту	011					
Азайту	012					
Соңындағы сальдо	013					

Түсіндірме: Аванстық төлемдер Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 328 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдері, қазынашылық есепке алу және мониторинг рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5-ескертпе.

5.1-кесте. Өзге дебиторлық берешек (қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің 014-жол коды)

	Факті	Бағалау	Болжам

Атауы	Жол коды	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл
1	2	3	4	5	6	7
Басындағы сальдо	010					
Ұлғайту	011					
Азайту	012					
Соңындағы сальдо	013					

Түсіндірме: Өзге дебиторлық берешектің құрамына сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің, жалдау бойынша, бюджетпен есеп айырысу бойынша, қызметкерлердің есеп беретін сомалар бойынша дебиторлық берешегі, алуға сыйақы және басқа берешек кіреді.

6-ескертпе.

6.1-кесте. Қорлар (қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің 111-жол коды)

Атауы	Жол коды	Факті	Бағалау	Болжам		
		20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл
1	2	3	4	5	6	7
Басындағы сальдо	010					
Ұлғайту	011					
Азайту	012					
Соңындағы сальдо	013					

Түсіндірме: Қорлардың құрамына материалдар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім, тауарлар мен жолдағы қорлардың сальдосы енгізіледі.

"Ұлғайту" жолы бойынша сомалар ... нәтижесінде ескерілді.

"Азайту" жолы бойынша сомалар:

... пайдалану

... есептен шығару

басқа да өзгерістер ... нәтижесінде ескерілді.

7-ескертпе.

7.1-кесте. Негізгі құралдар (қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің 112-жол коды)

Атауы	Жол коды	Факті	Бағалау	Болжам		
		20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл
1	2	3	4	5	6	7
Басындағы сальдо	010					
Ұлғайту	011					
Азайту						

барлығы, оның ішінде	012					
Есептелген амортизация	013					
Соңындағы сальдо	014					

Түсіндірме: Негізгі құралдардың құрамына жер, ғимараттар, құрылыстар, беру құрылғылары, көлік құралдары, машиналар мен жабдықтар, аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәммал және өзге де негізгі құралдар, оның ішінде концессия шарттары бойынша қабылданған құралдар кіреді.

Жер амортизацияланбайды және деректер облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған ақпарат шегінде облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті бойынша болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

"Ұлғайту" жолы бойынша сомалар ... нәтижесінде ескерілді.

"Азайту" жолы бойынша сомалар:

өтеусіз берілген объектілердің бастапқы құнын есептен шығару ...

есептелген амортизация сомасы ...

басқа өзгерістер ... нәтижесінде ескерілді.

8-ескертпе.

8.1-кесте. Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар (қаржылық жағдай туралы болжамды шоғырландырылған есептің 113-жол коды)

Атауы	Жол коды	Факті	Бағалау	Болжам		
		20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл	20xx жыл
1	2	3	4	5	6	7
Басындағы сальдо	010					
Ұлғайту	011					
Азайту	012					
Соңындағы сальдо	013					

Түсіндірме: Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар күрделі жұмыстардың аяқталмаған циклі бар және есепті күнге пайдалануға берілмеген негізгі құралдар мен материалдық емес активтер объектілерін салуға, реконструкциялауға, сатып алуға жинақталған шығындардың сомасын қамтиды. Аяқталмаған құрылыс пен күрделі салымдар сальдосының құрамына құрылыс аяқталғанға дейінгі шығындар құны бойынша концессия шарттары бойынша объектілердің аяқталмаған құрылысы бойынша сальдо да қосылады.

"Ұлғайту" жолы бойынша сомалар ... нәтижесінде ескерілді.

"Азайту" жолы бойынша сомалар:





